

ИСЛАМ ЖӘНЕ БИОЭТИКА

Моллақанағат Әбубәкір Сайпуллаұлы

mollaqanagat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Дінтану кафедрасының 3-курс студенті

Нұр Сұлтан. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – профессор Қабылова А.С.

Бірінші рет Bioethics терминін Fritz Jahr (Фриц Джахр) 1927 жылы қолданған болатын. 1969 жылы американдық онколог және биохимик В.Р. Поттер қазіргі әлемдегі адамзаттың өмір сүруіне қатысты қатерлі қауіптермен байланысты этикалық проблемаларды айқындау үшін ғылыми айналымға «биоэтика» терминін енгізеді. Термин bios (грек. – «өмір») және ethica (грек. – «этика») деген екі сөзден құралған, өмір этикасы деп аударылады. Бұл термин 1971 жылдан бастап медициналық журналдарда кездесе бастады. Кейінірек медициналық жоғары оқу орындарында міндетті түрдегі оқу пәні ретінде қалыптасты.

«Бүгінгі күні Қазақстанда денсаулық сақтау мәселелері саяси өмірде бірінші орынға шығып отыр. Денсаулық сақтау саласына бөлінетін қорлар теңгерімі, медициналық қызметті бөлудегі әлеуметтік теңдік деңгейлері сияқты тақырыптар саяси пікірталастардың орталық тақырыбына айналды. Биоэтика дамуының қозғаушы күші – әсіресе күнделікті денсаулықты қорғау мен биомедициналық зерттеулер тәжірибесі сияқты бағыттағы адам құқықтарын қорғауға негізделген ұмтылыс болып табылады. Діни ғылым өкілдері биоэтика проблемаларына өз қызығушылықтарын білдіруде» [1, б б.].

Медицинаға ислам діні үлкен мән береді және хадистерден айтарлықтай маңызды пікірлерді байқауға болады. Ислам биоэтикасы Құран мен Сүннетке негізделген шариғаттың жалғасы болып табылады. Барлығымыз білетіндей алғашында христиан діні ғылым мен медицинаға барынша қарсылық танытты, ал, ислам ғылымды игеруді насихаттады. **Мұхаммед пайғамбардың** «Тіпті қытайдан болса да білім алуға ұмтыл,

өйткені білім алуға әрекеттену – әрбір діндардың парызы» дегені құлшылықтың маңызды тақырыбына айналып, ғылыми ашылымдар, білімдардық – Алланы танытатын дәлелдер яғни «періштелер қанаттарын білім іздеушілердің үстіне жаяды, шынында» [2, 16 б.] деп оған қолдау көрсетілді. "Біз адам баласына көптеген мысалдар келтіреміз, алайда оларды ғалымдар ғана түсінеді" делінсе, "пенделердің ішінен Алладан шын мәнінде ғалымдар ғана қорқады" [3, 402 б.] деген (*Ганкебут, 43*). «Құран Кәрім де әрдайым адамзаттың ғылымға ынтасын арттыру үшін пайғамбарлардың мұғжизаларын үлгі етіп ұсынған. Пайғамбарларға тиісті мұғжизалар – адамзатты таным, білім шыңына көтеретін бағдаршам» [4].

Жаһандық биоэтиканың дамуында Шығыс және Орталық Азия ғалымдарының қалдырған ғылыми, медициналық және философиялық мұралары үлкен рөл атқарады. Медициналық дереккөздер ретінде Ибн Сина мен әр-Рази еңбектерін алуға болады [5]. «2004 жылғы ЮНЕСКО Атқарушы кеңесінің ғылыми этика саласындағы зерттеулер үшін Ибн Сина (Авиценна) атындағы сыйлықты тағайындауы осы тарихи мәлімдеменің айқын дәлелі дейміз» [6]. Ислам биоэтикасының негізгі мәселелерінің құқықтық бағалануы исламның құқықтық принциптері мен философия теорияларына негізделген шарифат ұстанымынан туындайды. Биоэтикаға қатысты исламның құқықтық мектептеріндегі туындаған түрлі бағыттар мен негізгі Батыс философиялық теориялары, діни дәстүрлері бойынша айырмашылықтар объективті қайшылықтарды туындатады. Исламның негізгі екі бағыты – шииттер мен сүнниттердің діни қабылдауды түсіндіру әдістемесі мен жүйесі әр түрлі болуы мүмкін, бірақ олардың арасында биоэтика тұрғысынан ешқандай іргелі айырмашылықтар байқалмайды. Алайда, ислам қоғамдастығының көпшілігі өз діни мектептерінің көзқарастарын ұстанатындықтан, пікірлердің әртүрлі болуы да заңдылық.

Ғылыми білімнің жаңа нысаны ретіндегі ислам биоэтикасы дамуы тарихында медициналық ғылымдардың IOMS исламдық ұйымының құрылуы және ислам медициналық этика кодексінің жобасы қабылданғаннан кейін Кувейтте (1981) медицина ғылымдары бойынша ислам ұйымының бірінші конференциясының өткізілуі маңыздылық танытты. Күн тәртібінде органдар мен тіндерді тасымалдау, мидың өлу критерийлері, қарқынды терапия бөліміндегі жан сақтау және технологиялар принципі, эвтаназия, репродуктивтік технологиялар т.б. қарастырылды. Медициналық ғылымдардың IOMS исламдық ұйымы Кувейт, Стамбул, Карачи және т.б. елдерде халықаралық конференция өткізіп, биоэтиканың түрлі өзекті мәселелері, бала құқықтары талқыланды. Жастарды есірткі, ішімдік, шылым шегуден қорғайтын ұсыныстар қабылданды. Мұсылман дәрігерлерін дайындауда көмегін тигізетін медициналық білім бағдарламаларының рухани дамуына, моральдық компонентіне ерекше назар аударылды. Биомедициналық технологиялар саласындағы жетістіктерге байланысты туындайтын этикалық мәселелерді шешу мен талқылау үшін ислам заңгерлері үнемі кездесулер өткізіп тұрады. Ислам заңгерлері органдар мен тіндерді трансплантациялау мәселелері туралы медициналық құқық жөніндегі Үшінші симпозиумда (сәуір, 1987) және Каирде өткен медицина ассоциациясының бар кеңейтілген құрамында бесінші халықаралық исламдық медицина конференциясында (1988) маңызды мәселелерді көтерді. Ислам академиясының кеңесі 1988 жылы өзінің 4-ші сессиясында тірі немесе өлген адамның органдарын трансплантациялау туралы қаулы №26 (1/4) қабылдады. Тірі кезінде өлгеннен кейін донор өз органдарын трансплантациялауға келісімін білдірсе, оның туыстарының рұқсатымен мәйіттен ағзаларды трансплантациялауға рұқсат етіледі. Оның өміріне зиян болмаса өз еркімен келісімін берген тірі адамнан дене мүшелерін тасымалдау, шарифат бойынша рұқсат етілген болып саналады. Хадистерде бұл туралы: Аллаһтың елшісі (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «құл өзінің бауырына көмектескен кезде, Аллаһ құлына көмектеседі». Дене мүшесі пациентке тасымалданғаннан кейін, ол оның денесі болады, бұрынғы иесімен байланыста болмайды. Егер науқас осы орган арқылы күнә жасаған

жағдайда, осы күнәнің сұранысы осы органды пайдаланған адамнан сұралады, себебі күнә мен Құдайға ғибадат ету адамның ақыл-ойы мен еркіне байланысты, ал олар осы әрекетті жасағанға тиесілі. «Трансплантация мәселесін қолдайтын, яғни тірі адамдар арасында да, өлі адамнан алып, тіріге салуда Ислам бойынша ашық мәселе деуші ғалымдар мынадай дәйектерді алға тартады: Қасиетті Құран Кәрімнен алынған дәлелдер: 1. Алла тағала Құранның көптеген аяттарында зәрулік қысқан жағдайда тыйым салынған кейбір мәселелер өз күшін жоятынын айтады. Мысалы: «Ол шынайы түрде сендерге өлексені (арам өлген малды), қанды, доңыз етін және Алладан басқаның атымен бауыздалғанды арам қылды. Сонда кім мәжбүрленсе, қарсылық қылмаса, шектен шықпаса күнә жоқ. ...мәжбүрлік екі түрлі: Жейтін нәрсе таба алмау, не біреу зорлау» [7, 16 б.] (*Бақара, 172-173*). Осы мазмұндағы аяттар құранда төрт бес жерде айтылады. Бұл аяттарда, егер зәрулік қысатын болса, егер адам өзі соны жасауға ұмтылмайтын болса, Алланың шарифаты шегінен шықпаған болса, харам етілген нәрселер халалға айналатыны айтылған. Демек, бірер адам өлім аузында жатып, оған ешбір ем дом жасалу көмектеспейтін болса, бұл шынайы зәрулік жағдайы және бұл жағдайда өзге адамның ағзасын оған алмастырып салуға болады; 2. «Кімде-кім бірер жанды күнәсіз немесе жер бетінде бүлік жасай өлтіретін болса, онда ол барлық адамды өлтіргенмен тең, ал кімде-кім біреуді тірілтетін болса, онда ол барлық адамзатты тірілткенмен тең» [7, 113 б.] (*Мәйда, 32*). Демек, бірер жанға жәрдем жасап, өлгелі жатқан халіне араша түсіп, сауығыуына себепшілік жасаса, онда ол барлық адамзатқа түгел жақсылық жасап, сауықтырғанмен тең болады».

Дене мүшесі – тек құрал ғана және оған қатысты шешім оны пайдаланған адамға байланысты. Коммерциялық негізде органдардың трансплантациясына Ислам қатаң тыйым салады. Өлі адамға құрмет тірі адаммен бірдей болуы керек, алайда мүлдем қажет болған жағдайда, науқасты емдеудің ешқандай мүмкіндігі болмаса, органдарын тасымалдау мүмкіндігі бар, бірақ органын алатын адамның өлгеніне көз жеткізу керек. Өлім клиникалық емес, шариат бойынша талаптарға жауап беру манызды. Шарифат белгілеген өлім – дене мүшелерінің барлығының тоқтауы, дененің суып қалуы, қанның ұюы және барлық аяқ қолдың бейтараптығы. Ағзаларды тасымалдау біздің елімізде де өзекті мәселелердің бірі. «Елімізде ағзаны саудалау заңға қайшы. Заң бойынша тек, жақындарына ғана донор болуға болады. Оның өзінде дәрігер қауіп бар ма жоқ па бәрін тексереді. Содан соң ғана бүйрек трансплантациясына рұқсат беріледі», – дейді «Көмек» орталығын директоры Анна Рыль. Жалпы, елімізде бір ғана бүйрекке 2 мыңнан астам сырқат мұқтаж. Қара базардағы бағасы 22 миллион теңгеге дейін барады. Сайттағы хабарландыруға шектеу қоюға құзырлы органдардың шамасы жетпейді. Қаржыға мұқтаж кісілер тірі тауарға айналып жатыр» деген қауіп жоқ емес.

Ислам эвтаназияға жол бермейді, оны жасаған дәрігердің әрекеті қасақана кісі өлтірумен теңестіріледі, бұл туралы Құранда жазылған: «Кім бір мүмінді әтейге өлтірсе, оның жазасы, ішінде мүлде қалатын тозақ болады. Сондай-ақ оған Алланың ашуы, қарғысы болып және оған зор қинау әзірлеп қойған» [7, 93 б.] (*Нуса, 93*). Клиникалық өлімдегі адамға келетін болсақ, ол өлім аузында жатыр және өлім ауыртпашылықтарын бастан өткізеді, сондықтан кез келген жағдайда оған эксперименттер жасауға, оның денесіне қол сұғуға және органдарын ауыстыруға рұқсат етілмейді. Бұл үлкен қылмыс. Құрбандыққа шалған малдың денесі қозғалып жатқанда терісін сыпыруға болмайтыны бұйырылған, ал адамға қатысты келеңсіз әрекеттерге мүлдем жол берілмейді. Егер науқастың емделмейтініне дәрігерлердің көзі жетсе, емдеуді тоқтату ұжымдық шешім арқылы қабылданады және науқастың отбасымен кеңесу арқылы, емдеуші дәрігердің келісімін алу керек.

Ислам заңгерлерінің болашақта ислам мен секуляризм үйлесімділігіне, экуменизмге, мәдени әртүрлілікке, Батыс өркениеттерімен диалог мүмкіншіліктеріне, иудаизм мен христиандықтың негізгі құндылықтарының өзара байланысына қатысты либеральды немесе консервативті зерттеулері нәтижелі қорытынды жасауларына мүмкіндік береді. Ибн Сина

(Авиценна) сыйлығының лауреаты А. Даардың пікірінше ислам алдағы уақытта иудаизм, христиан діндерінің көптеген негізгі құндылықтарын бөліседі деп санайды. Ислам биоэтикасы жеткілікті деңгейде даму үстінде, тек діни білім деңгейі маңызды. Биоэтиканың жоғары сезімтал мәселелеріне келгенде мәдени әртүрлілік, діни дәстүрлер, Шығыс пен Батыс философиясы ескерілуі тиіс. Мәдени әртүрлілік жөніндегі өзекті мәселелер ЮНЕСКО-ның биоэтика және адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларациясының Бас конференциясының 33-ші сессиясында қабылданды. Онда былай делінген «...инновациялар мен шығармашылықтың алмасу көздері болып табылатын мәдени әркелкілік, адамзат үшін қажетті болып табылады және осы мағынада адамзаттың ортақ мұрасын тасымалдайды, бірақ ол адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын бұзу үшін пайдаланылмайды». Соңғы жылдары биоэтиканың өзекті мәселелері дәрігерлік практика шеңберінде ғана емес, философия, құқық және діни сана контекстінде қарастырылып отыр. Мұсылман биоэтикасының маңызды тақырыптары Оңтүстік-Шығыс Азия, Араб елдерінде кеңінен талқылануда.

«Адамның ішкі ағзаларының жүйелі жұмысын қалыптастырып, іске асыратын – оның миы мен нерв жүйелері болса, организмнің «жанармайы» – тыныс ағзалары арқылы қанға сіңетін және қанның қызыл түйіршіктері (эритроциттер) арқылы организмге тарайтын оттегі мен қоректік заттар: белок, май және көмірсулар (углеводтар). Ал, гормондар мен витаминдер адам организмінде үздіксіз жүріп отыратын зат алмасу процесінің «катализаторы» болып саналады». Барлық ислам елдерінде мидың өлуінен кейін қарқынды терапияны тоқтатуға болатындығы туралы тұжырымдама қабылдануда. Бұл шешім 1986 жылы өткен Ислам заңгерлерінің Үшінші Халықаралық конференциянда, 1988 жылғы Құқықтану Ислам академиясы кеңесінің төртінші отырысында жан-жақты қарастырылды. Науқастың өлімін тездететін болса да, анестезия мен седативті дәрілерді пайдалануға рұқсат етілген және бұл мәселе жан жақты талқылануын тоқтатқан жоқ.

Науқастың ауруы туралы Құранда «Алла тағала адам баласы көтере алмайтын сынақ бермейді. Сынақпен қоса, сол қиындықты еңсеретін күш қайратты қоса береді» және азап пен ауыру – жаза болып табылмайды. Құранда «Әр үмбеттің (жойылатын) белгілі бір ажалы болады, сол ажалдары жеткенде бір сәтке де кешіктірілмейді және ерте болмайды (дәл уағында жойылады) [8, 155 б.] (*Ағраф*, 34) дегенге сүйене отырып, ислам теологтары қандай жағдай болмасын эвтаназияны әдейі болдыру мүмкін емес деп қорытынды жасайды. «Алла Тағала күллі жаратылыстың мөлшерін, тағдырын, ырзық несібесін, ғұмырларын нақтылап қойған». «Біз әрбір затты белгілі өлшеммен жараттық» [8, 531 б.] (*Қамар*, 49). «Өлтірілуге тиісті болғаны болмаса, Алланың әміріне қайшы келіп, (нахақ) кісі өлтірмендер» [8, 149 б.] (*Әнғам*, 151).

Медицина тұрғысынан Құран оқу процесіне қызығушылық туып отыр. Егер қасиетті кітапты оқу, «Тәжүид» ережелерін сақтай отырып, Құран Кәрімді өз мәнері мен нақышына сай дұрыс оқып-үйрену, үзілісті сақтау, «Құран Кәрімнің әріптерін махраждарына (әріптердің махраждары дегеніміз – әріптердің шығатын жерлерін айтамыз. Әріптердің шығатын жерлері екі ерін, ауыз, тіл, тамақ және танау. Әр әріп өз ерекшелігіне қарай осы ағзалардың бірінің немесе бірнешеуінің қолданылуы арқылы шығады) және сипаттарына сай шығаруға қол жеткізетін, сөздердің арасындағы үйлесімділікті» көрсету, «қорыта айтар болсақ қырағат; тамақ, ауыз, екі ерін, құлақ және санамен бірге жүзеге» асыру маңызды. Осы нұсқауларға сәйкес Қасиетті кітапты оқу арқылы адамның терісі арқылы түсетін ауаның мөлшерін, өкпе көлемін арттыру жақсы денсаулық кепілі және ұзақ өмір сүру яғни өмірді ұзартуға көмектеседі. Біздің барлық ойымыз, іс-шараларымыз, ниетіміз (төсектен тұру, тамақ ішу, намазға кірісу, жұмысты бастау т.б.) «Азу билляхи минаш-шайтанир-р-ражим. Бисмилляхир-рахманир-рахим» деп Құдайдың атын ауызға алумен басталады. Исламның екінші компоненті – намаз, Аллаһтың белгілеген міндетті салт

жоралғысы. Мұхамед пайғамбар былай деген: «Намаз діннің негізі. Намаз олардың сенімін нығайтады. Намазды орындамаушын мәнінде, олардың сенімін жояды». «Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларға: «Сендердің араларыңнан бір адамның есігінің алдында өзен ағып, ол сол өзенге күніне бес рет шомылса, сол адамда кір қалатын ба еді?» – деп сұрағанда сахабалар: «Жоқ қалмайды», – деп жауап қайырады. Сонда Аллаһ Елшісі: «Бес уақыт намазда да, судың кірді тазалайтынындай күнәларды тазалайды» деді (Бұхари, Мәуақит, 6; Муслим, Масажид, 283; Тирмизи, Әюәд, 80,90; Насаи, салат, 7)». Денеңізді, киіміңізді және намаз оқитын жерді тазарту медицина үшін маңызды орталық мәселе екені белгілі. «Истинджа» (қажеттіліктерді өтеп болғаннан кейінгі, әурет жерлерді, жыныс мүшелерін жуу, нәжістен, ластықтан тазару) мен «тахаратты» (бетті толықтай 3 рет жуу, екі қолды шынтаққа дейін 3 реттен жуу, басқа мәсих тарту, басты сулау, сулы қолмен сипау, екі аяқты тобықтан жоғары, 3 рет жуу. Бұл амалдар парыз амалдар болып табылады. Ал, ауызды тамаққа дейін 3 рет шаю, мұрынға 3 рет су тартып сіңбіру, басқа мәсих тарқанда құлақпен мойынды қоса сулау) орындау сияқты біздің қозғаушы күштеріміз арқылы жасалатын барлық қозғалыстар, дұға жасап тұрған адамның организмін қалпына келтіруге бағытталған. Дәрет алу, жуыну нервтерді тыныштандырады, шаң, кір мен терден тазартады, сондай-ақ сумен ауру тудыратын микробтар жойылады. Намаз оқу процесінің өзі дене шынықтыру сияқты; талап етілетін нақты іс-әрекеттерді орындау кезінде адам шамадан тыс биоэнергиядан құтылады; мысалы, «сәжде» кезінде жалаң аяқ дұға етіп тұрған адам екі қолын, маңдайын, мұрнын жерге тигізеді. «Рәкәт», «қиям», «рукуғ», «аттахият» сияқты намазға қатысты әрекеттердің барлығы адам өмірінің қызметі мен көп жасауына септігін тигізеді. «Бес уақыт намаз барысында 40 рәкат иіліп түрегелумен қатар, маңдай жерге тигізіліп, 80 мәрте сәжде жасалады. Намаз оқыған жанның қимыл қозғалыстары жүректің қызметін едәуір жеңілдетеді» [9, 9-10 бб.]. Оксфорд университетінің ғалымдарының жүргізген тәжірибесінің нәтижелері, «сәжде» жасау адам миының қызметін жақсартады дегенді дәлелдеді. Адам сәжде жасағанда мидағы қан айналымы күрт артады және қан тамырлары кеңейеді. Орнынан тұрған кезде тамырлар тартылады, қысым төмендейді. Нәтижесінде қан тамырларының қабырғалары нығайып, серпімді және күшті болады. Бес уақыт намаз кезіндегі «сексен рет сәжде жасау, сексен рет адамның басына қан баруына, ми қабыршақтары қанмен тазарып тұруына, алжасу, ұмыту ауруларының болмауына, көру, иіскеу, есту, дәм сезу орталықтары мидың артқы бөлігіне орналасқандықтан, бұның да 80 рет қанмен тазарып тұруына жәрдемдеседі. Сонымен бірге намазда сәжде нүктесіне 80 рет көз түйістіргенде көздегі қан айналым жүйесі жақсарады». «Намаз оқыған адам сан, иық, қол буындары иіліп бүгіліп үнемі қалыпты қозғалысын үзбейтіндіктен, ревматизм мен дегенеративті дерт түрлерінен аман болады». Оксфорд университетінің профессорларының айтуынша ислам дініндегі рәсімдер адам ағзасының екі негізгі ішкі жүйесіне әсер етеді: біріншісі – тыныс пен пульсты тездететін, қан қысымын көтеретін эндокриндік жүйені белсенді етеді және екіншісі – тіндерді, ас қорытуды, демалыс және ұйқыны реттейтін, пульс пен тыныс алуды баяулатуға жауап береді. Намаз оқыған кезде адам осы дүниелік қам қарекеттен, барлық қиыншылықтардан, стресстен ажыратылады, дұға туралы ғана ойланады; қанағаттанарлық күйге еніп, жүйкелері сабырлы, тынысы бірыңғай болып, намаздың барлық іс-шаралары баяу орындалады. Бұл жағдайдың кем дегенде күніне бес рет, шамамен 30 минуттан бір сағатқа дейін денеге арналған «бальзам» екенін дәрігерлер де қолдап отыр. Алла Тағала Құранда: **«Ей, адамдар! Сендерге Раббыларыңнан уағыз насихат, ділдегі дертке шипа, Мұсылмандарға тура жол және рахмет (ретінде Құран) келді»** [8, 216 б.] (*Юнус, 57*) дейді. «Бүгінде адамның рухани танымы мен сезімін оятуда, Жаратушыға деген иман келтіруін тұрақтандыру мен дене сырқатына шипалық ем жасауда рухани-дұғалық шипаның маңызы арта бастады. Атеистік сенімнің жойылуы әр түрлі діндегі адамдардың Құдайға сенімін арттырып, олардың сырқаттарын жоюға арналған діни дұғалық емге деген талаптары да артуына байланысты, рухани дұғалық шипа саласы қызметі де дамуда. Пайғамбарымыз Мұхаммед(с.ғ.с.) хадистерінде сырқатқа шипа сенім арқылы Алладан болатынын айтқан. Бұл рухани шипагерліктің таза сенім, өзін-өзі

иландыру арқылы жүзеге асатын шипалық ем екенін айқындайды». «Медицина саласының мамандары мұсылман үмметі ұстайтын оразаның денсаулыққа қаншалықты пайдалы екенін дәлелдеген. Ораза – дененің иммунитетін күшейтеді, ас қорыту жолдарын тазалайды һәм емдейді, жүйке ауруларына дауа болады, адамның өзін-өзі сергек сезінуіне дәнекер болады». «Біз мүминдерге шипа және рақым болатын Құран аяттарын түсіреміз» (*Исра, 82*). «Аллахтың қалауы бойынша, адамдарға пайда келтіретін табиғи дәрілер: бал, қара зірә, зәмзәм суы, жаңбыр суы». «Құрандағы дем салу аяттарын да аурудың бетін қайтаруға пайдалануға болады. *Дем салу – науқас адамға Құран аяттарымен немесе сахих хадистерде келген дұғаларды оқып дем салу, яки ауыратын жерге қолды қойып оқу деп түсіндіріледі. Бұл – Құран және сахих хадистермен орындалса, Алланың қалауымен пайдалы болады.* Оның ең қарапайым түрі ретінде: «Фатиха» сүресін 7 рет оқуды немесе «Ықылас», «Фәлақ», «Нас» сүрелерін 3 реттен, «Аятүл-Күрсіні» 1 рет оқуды айтар едік».

Исламда дәрігердің кәсіби этикасының жалпы принциптері – тұлға автономиясына құрмет, жомарттық пен заңдылыққа негізделген болуы шарт. Әрбір этикалық принцип Құран түсіндірмелері арқылы және ислам юриспруденциясының заңдылықтары арқылы расталады. Исламның биомедициналық этикасының дамуында 2000-жылы Женевада жарық көрген «Биомедициналық зерттеулерді сараптаумен айналысатын комитеттер үшін этикалық нұсқаулар» жетекші құралы маңыздылық танытты. Мұсылман әлемінің биоэтика саласындағы бағдарларының халықаралық құжаттармен сәйкестендірілуінің көрінісі деп, 1981 жылы Кувейттегі медициналық ғылымдардың халықаралық конференциясында қабылданған Ислам медициналық этикасының кодексін мысал ретінде айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабылова А.С. Діндердегі биоэтика мәселелері. – Алматы, 2018. – 215 б.
2. Мұхаммед пайғамбардың хадистері // Қазақстандағы діндер. - Алматы, 2011. - 384 бет.
3. Құран Кәрім. Ауд.: Мухаммед Шыңғыс қажы, Ермек Мұхаммедқали. - 624 б.
4. Фетхуллах Гүлен. Дауасыз дерт жоқ // <http://kz.fgulen.com/kz-books/faith/infinite>.
5. Абу Али Ибн Сина. Канон врачебной науки. Избранные разделы. – Т.: Фан, 1985. Абу Бакр ар-Рази. Духовная медицина. – Душанбе, 1990.
6. Мухамедова З.М. Проблемы и противоречия биоэтики в исламской перспективе XXI века. -Томск, 2006.
7. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. -604 б.
8. Құран Кәрім. Ауд.: Мухаммед Шыңғыс қажы, Ермек Мұхаммедқали. - 624 б.
9. Ыбырайымұлы Е., Сайлауұлы Н. Құран оқып үйренейік. - Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. - 104 б.